

Б.Е. Көмеков, А.А. Галиев

# Шыңғыс хан



АРУНА

ББК 63.3 (5) + 63.3(2к)

К 88

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Көмеков Б., Галиев А.

К 88    Шыңғыс хан. Тарих, тұлға, уақыт («Шығыстың ұлылары» топтамасы).  
– Алматы: «Аруна» баспасы, 2007. – 96 бет.

ISBN 9965-26-006-0

«Шыңғыс хан» – «Шығыстың ұлылары» деген топтамага енген кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған көркем суретті туынды дүниені дүр сілкіндірген әйгілі монгол әміршісі Шыңғыс ханның өмір жолымен таныстырады. XIII ғасырдың басында Монгол мемлекетін құрған Шыңғыс хан бүкіл әлем тарихында теңдесі жоқ қолбасиши ретінде де танымал.

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшпіріп басуға болмайды.

К 0503000000  
00(05)-03

ББК 63.3 (5) + 63.3(2к)

ISBN 9965-26-006-0

© «Аруна Ltd.» ЖШС

# Ұлыңғыс хан

*1-тәрау*

Есугей баһадүр 6

*2-тәрау*

Тағдыр тәлкегі 10

*3-тәрау*

Алғашқы жетістіктер 14

*4-тәрау*

Кек пен сатқындық 20

*5-тәрау*

Хан тағына отыру 25

*6-тәрау*

Меркіттерден өш алу 34

*7-тәрау*

Мемлекеттің күшеюі 38

*8-тәрау*

Цзин империясы 51

*9-тәрау*

Алғашқы кездесу 55

*10-тәрау*

Отырадың күйреуі 65

*11-тәрау*

Хорезмге дейінгі қантөгіс жол 73

*12-тәрау*

Ұрыстың сазды әуені 78

*13-тәрау*

Өмір туралы толғаныс 82

*14-тәрау*

Соңғы шайқас 90

**С**уық ақпан айы. 1155 жыл. Көшпендилер арасына маңызды хабар тарады. Монголдар Амбагай қаганды Қытай әміршісіне сатып кеткен татарларды талқандапты.

Амбагай – Ұлы Даланың көрнекті қолбасшысы. Оның орны өз халқы үшін ерекше. Тұтқынга түскен қаганды “Аспан аясы” мемлекетінің (қытайлықтар) әміршісі қатал жазалаған. Өлер алдында ол руластарына:

– Монголдар! Қасық қандарың қалғанша қайрат көрсетіп, өшімді алыңдар! Өліспей, беріспеңдер! – деп осиет қалдырган.

Монгол халқы көп нәрсені кешіргенімен, сатқындық қа қатал қараган. Сол себепті Амбагай қаган қалдырган тілекті орынданап, кек қайтармақ болады. Татарлар да соңғы жауынгері қалғанша, ақтық демі таусылғанша согысады. Ақырында. Темучин бастаған татар әскерлерінің быт-шыты шығып қирады. Енді, міне, жеңіс тойын тойлауда. Осы ұрыста ерлікпен көзге түскен батырлардың ішінде қият – бөржіген (бөрі-тегін) руынан шыққан Есугей баһадүр де бар. Бұл күн оған қос қуаныш әкелді. Есугейдің қоңырат руынан шыққан сұлу әйелі Оэлун үл босаныпты.

Монголдар қаһармандықты қадірлеген. Шайқаста өлімді қасқайып тұрып қарсы алуды ерлік деп есептеп, жауының батылдығын да бағалай білген. Есугейдің тұңғышына “Темучин” деп татар ханының атын беруінің мәні осы.

Өмірге келген бұл сәбидің жұдырығында “бір уыс қан” болған деседі...





## Есүгей баһадүр

Мемучиннің тоғыз жасқа толған кезі. Әкесі оған қалындық іздестіре бастайды. Дәстүр бойынша, қыз басқа рудан болуы керек. Ұлын ертіп жолға шыққан Есүгей қоңырат руының көсемі Дай шешенді кездестіреді. Әкелі-балалы екеуінің сапарларының сырына қанық болған көсем оларды үйіне шақырады.



– Маған қонақ болындар. Бөрте деген тоғыз жасар қызым бар, көре кетіндер, – деген ұсынысын айтады.

Жол-жөнекей Дай шешен Есугейге көрген түсін ба-яндал береді.

– Түсімде аңға шығып барады екенмін. Қарасам, қолымдағы бүркіттің орнында қарға отыр.

– Қарға – біздің рудың таңбасы. Мүмкін, бұл түс аян берген болар, – деп жорамалдайды Есугей.

Шынында да, олардың сапарлары көңілдерінен шығып, Бөрте қыз екеуіне де ұнайды. Құдаласу рәсімін жасасқан әкелер балалары он төрт жасқа толған соң дүрілдетіп той жасауға келіседі.

Көңілі орныққан Есугей ұлын ертіп үйіне қайтып бара жатты. Қенет қырат басынан бір топ аттылар көрінді. Киімдерінен олардың татарлар екенін аңғару қын емес. Жүрегі су ете қалған Есугейдің қолы еріксіз қылышына барды. Іштей ұрысқа өзірленгенімен, байыппен аттыларға қарап тұр. Темучин де әкесіне көмектесуге өзір. Есугейді таныған татарлар:

– Откенді қазбаламайық. Біз той тойлап барамыз. Жүріндер, балаң екеуің бізге қосылындар. Көңіл көтеріп қайтындар. Сен сияқты қонаққа бәрі қуанады, – десті тұс-тұстан қолпаштап.

Осылайша, татарлар Есугейді көндіріп, өздерімен бірге ертіп кетеді. Әке мен бала біраз күн қонақ болады.

Татарлар монғол батырын жақсылап күтеді, ерліктерін айтып мадақтайды. Әйтсе де арам ойларын іске асырып, тамағына білдіртпей у сеуіп жібереді. Қайтар жолда Есугейдің денсаулығы нашарлап, Темучин әлсірекен әкесін еліне өзер жеткізеді.

Уланған Есугей бірнеше күннен соң көз жұмды. Ал оның қол астындағылары ұлысты\* тастап кете бастайды. Ең алдымен, Есугейдің билігін бұрыннан ұнатпай жүрген – тайшуыттар\*, оның артынан қалғандары малмұліктерін алып көшіп кетеді. Аз ғана уақыттың ішінде қаңырап бос қалған ескі қоныста тек кішкентай балаларымен жесір әйел ғана қалады.

Темучиннің үш інісі бар. Бірге туған інісі – Хасар. Ал Бектер мен Белгутайдың шешесі бөлек, әкелері бір. Балалар күнкөрістің қамымен күні бойы үйде болмайды. Олар Онон өзенінен балық ұстап, жеуге жарамды шөп, жидек тереді. Темучин сарышұнақтар мен борсықтарды аулайды. Өмір сұру күннен-күнге қиындады. Дегенмен, Оәлун тағдырына өкініш көрсетпеді. Ұлдарын ержүрек, батыл етіп тәрбиеледі. Тайшуыттардан кек алып, Есугей өuletінің даңқы қайта оралар күнді асыға күтті. Кешқұрым шаршап-шалдыққан балаларына бабалары – Бонышар мен Хабул ханның және әкелерінің ерліктегін жыр етіп, монголдардың ақылды анасы Алан-Гуа, достары сатып кеткен Амбағай қаған туралы әңгіме қозғайды...

\*ұлыс – көшпенділердің елді мекені немесе мемлекеті

\*тайшуыттар – монгол тайпасы

## Маңыр тәлкесі

Салунның өңгімелерін естіп өскен балалардың көңілдеріне дақ тұсті. Олар ертерек ер жетуді армандағы. Өздерінің жастай жетім қалып, шеккен азаптары үшін өш алудың сөтін күтті. Бұл ашу, ызаға толы сезім өрбір қыншылықпен өткізген күндерінде үлғая түсken.

Бір күні Темучин туған інісі Хасарды жан түршігерлік өрекетке үгіттейді. Сөтін тауып өгей інісі Бектерді өлтіреді. Суық хабарды естіген Оэлун талып қалады. Есін жиған соң:

– Құз-қиядан өзін лақтыратын бүркітке, ашуын баса алмаған арыстанға, жандыны жалмаған жалмауызға үқсағандарың ба? – деп зар еңірейді.

Бұл оқиға Ұлы Дағала лезде тарап кетті. Қіп-кішкентай баланың қатыгездігі көпшіліктің көңіліне үрей туғызды. Кейбірі “Темучин туғанда жұдырығында бір уыс қан болған” деген өңгімені есіне алды. Хабар тайшуыттарға да жеткен. Олар Темучин ер жетіп, қатаймай тұрғанда көзін жою керек деген шешім қабылдады. Ойларын жүзеге асыру үшін Оэлун үйіне баса-көктеп кіріп келіп, Темучинді беруін талап етеді. Бұл кезде алыстан көрінген шаңнан бір сұмдықтың болатынын сезген Темучин ну орманға қашып кеткен. Баланы таппаған тайшуыттар ізіне түсіп, орманнан іздестіре бастайды.

Арада біраз күндер өтті. Темучинге күндіз-тұні орман ішінде тығылып жатуға тұра келді. Әйтеуір бір шығар деген оймен тайшуыттар да асықпады. Ақыры, әбден ашыққан бала орманнан шығуға мәжбүр болды. Кімі өрім-өрім, әбден әлсіреген оны тайшуыттар байлап-матап

Тарғұтай ұлысына әкеледі. Мойны мен қолына “қаңға” (ағаш бұғау) кигізіп, қасына күзет қояды. Бұл кезде Ұлы Даңда “тұрмे” деген атымен жоқ еді. Жас тұтқынды ке-зектесіп күн сайын әр үйде ұстаған. Сол үй иелері тұтқын үшін басымен жауап беретін.

Сөл өлденген Темучин құтылудың ретін ойластырады. Бір күні құдай сәтін салып, күзетші қалғып кетеді. Енді қашу керек. Орманға қарай жүрсе ұсталады. Оның үстіне қолы байланған, мойнында қаңғасы бар адам алысқа ұзай алмайтыны белгілі. Жалғыз жол – өзенге қарай бет алу.

Таң атты. Баланың жоқ екенін естіген ауыл у-шу. Өзен жағасындағы қамыстардың арасына тығылған Темучин оларды сырттай бақылап тұр. Ең үлкен топ орманға ке-тіп, қалғандары төніректі шарлай бастады. Баланы жер жұтып кеткен бе, із-түzsіз жоқ. Жағаға қарай беттеген 3-4 іздестіруші қамыс-тардың арасын тінти бас-тады. Тіпті біреуі



суға түсіп, Темучин жатқан жерге тым жақын келді. Суда Темучиннің басы ғана қылтиып тұр. Ары жүргүре болмайды, бір қадам басса суға батады. “Ұсталдым, біткен жерім осы болар” деген ой келді. Қас қағым сәт оған мәңгілік сияқтанды. Бірақ іздеушіде үн жоқ. Кенет ол:

– Қорықпа, саған жаманшылығым жоқ. Менің атым – Сорған-Шыра. Тайшуыттар сенен қорқады, сондықтан жек көреді, – дейді сыйырлап.

Осы кезде артынан:

– Ей! Негып тұрсың? Таптың ба? – деген дауыс естілді.  
– Жоқ. Ешкім жоқ, – дейді де, Сорған-Шыра кері қайтады.

Қараңғы түсіп, іздестіру жұмысы тоқталды. Темучин жағаға шықты. Одан өрі жүргүре шамасы жоқ. Құні бойы суда отырғандықтан, қаңға ісіп, мойны мен қолын қысып барады. Суықтан тоңып, қалтыраған ол “Таңың атуына аз уақыт қалды. Мына түріммен алысқа бара алмаспын. Құлқын сәріден тағы тінти бастар. Не де болса, Сорған-Шыраның үйіне барайын. Қөріп тұрып ұстап бермеген адам бұл жолы да сатпас” деген үмітпен ауылға қарай аяңдайды...

Темучин жасырын үй-үйді аралап, ақырында, іздеғен адамын табады. Сорған-Шыра оның қаңғасын шешіп, тамактандырады. Есік алдында тұрған жұн тиелген арбаға жасырады.

Құн шығысымен орман, дала, өзен түгел қайта қаралып шықты. Бала зым-зия жоқ. Енді тек ауыл ішінен іздеу керек. Кезек Сорған-Шыраның үйіне де жетті. Барлық бұрыш-бұрышты мұқият тексерген іздеушілер жүк тиелген арбаның қасына жақындалды.

– Мынандай шыжыған ыстықта кім жүннің арасына тығылар дейсің, тәйірі? – деді қорқып кеткен Сорған-Шыра.

Сөзі нанымды шыққанымен, нөкерлер\* бір-екі рет әр жерден найзамен шұқып көреді. Құдай сақтап, Темучин аман қалады. Қатты қорыққан бала бірсесе тісі-тісіне тимей сақылдап тоңып, бірсесе қара терге түсіп қызыу көтеріледі. Орнынан қозғалуға дәрмені жоқ. Тұннің болуын асыға күтті. Қаранды түсісімен, Сорған-Шыра оны арбадан түсіріп, тамақтандырады. Дорбаға бірнеше күнге жететін азық салып, жол көрсетіп жібереді.

Осылай, Сорған-Шыраның көмегімен құтылған Темучин ешкімнің көзіне түспес үшін тек қана тұнде жүріп отырып, бірнеше күннен кейін үйіне де жетеді. Сол тұні Оәлун үйін жығып, балаларымен көшіп кетеді. Енді ешкім таба алмас. Олар бар әлемнен алшақтап, таудың адам аяғы баспаған шатқалын мекендеп, аңшылықпен күн көреді.

\*нөкерлер – әскерлер



## *Алғашқы жетістіктер*

*А*рада бірнеше жылдар өтті. Ағайынды жігіттер ер жетіп, есейді. Бір күні осы үйдің бар байлығы – сегіз жылқысы ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Қалған жалғыз атына мініп Темучин іздең шығады. Жолда өзіне тетелес бір жігітті жолықтырып:

– Қөзіңе бір үйір жылқы түспеді ме? – деп сұрайды.

Бейтаныс жігіт сүт пісірімдей уақыт бұрын көргенін айтып, барымташылардың\* кеткен жағын нұсқайды да:

– Сен жалғызсың, олар көп. Шамаң келмес. Мен саған серік болайын, – деп ниет білдіреді.

– Атың кім? Кімнің баласысын? – дейді Темучин жөнін сұрап.

– Нагу-Баянның баласы – Боғыршымын.

– Қорықпасаң ілес, – дейді Темучин келісіп.

Аз уақыттан соң екі жігіт барымташыларды қуып жетеді. Өздерінің епті, батыл екенін дәлелдеген олар ұрылардың быт-шытын шығарып, жылқыларын алыш қайтады. Темучин із жасыру мақсатымен Нагу-Баянның үйінде біраз аялдайды. Баласының жаңа досы ұнаған әкесі:

– Сендер ер жігітсіндер. Өмірлерің өлі алда. Ұрыста сыналған достықтарыңды ақтық демдерің таусылғанша сақтай біліндер! – деп батасын береді.

Шынында да, Боғыршы мен Темучин өле-өлгенше дос болып өткен екен.

Темучин 17-ге толған жыл. Қоқтем мезгілі. Қөп болмаса да, Темучиннің сенімді серіктері бар: екі інісі мен жан

\*барымта – малды (негізінен аттарды) үрлап кету немесе зорлықпен тартып алу



досы – Боғыршы. Ол осы серіктерін ертіп қоңырат еліне қалыңдығы Бөртені алып келуге аттанған. Дай шешен оларды қуана қарсы алады. 30 күн ойын, 40 күн тойын жасап, қызын барлық жасауымен шығарып салады.

Қыз жасауында бұрын көрмеген қымбат, кездің жауын алатын бүйымдар көп екен. Тек бұлғын терісінен тігілген ішіктің өзі не тұрады!

Сол кездегі керей тайпасының ең күшті ханы Тоғырыл еді. Ол кезінде әкесі Есугеймен дос болған. Темучиннің ойы – осы Тоғырыл ханмен кездесу. Әкесі өліп, үзілген байланысты қайта жаңғырту. Ойын жүзеге асыр-мақ болған ол Бөртенің бұлғын іші-гін алып, Тоғырыл еліне сапар шегеді.



– Ұлы Тоғырыл хан! Сыйлығымды қабыл ал. Әкем орнына әке бол! Өзімді балаң деп есепте! – деп басын иеді.

Ханға Темучиннің сыйлығы ұнайды. Ескі досы есіне түсіп, Темучинді құшағына алады.

Арада бірнеше ай өтті. Темучин Тоғырылдың көмегімен шашырап кеткен туған-туыстарын жинағы. Бірте-бірте Оэлунның мал-жаны көбейіп, ауылына жан бітеді. Бұл меркіттерге\* ұнамады. Осыдан 20 жыл бұрын Есугейдің меркіт жігіті Шиледуден Оэлунды тартып әкеткендігін олар әлі ұмыта қоймаған. Кек қайтару үшін Шиледудің ағасы Тоқтабек бір күні тұтқыылдан Темучин ауылын жаулап алады. Бөртені ұрлап кетіп, өзінің кіші інісі Шілшірге қосады. Тоқтабектің бұл өрекетіне өбден күйінген Темучин қашып келіп, Тоғырыл ханнан көмек сұрайды.

Керей ханы 20 мың әскер береді. Туыс болып келетін Жамұқа да сонша әскерімен Темучин жасағын толықтыруды. Біршама қол жинағанынан хабардар болған Тоқтабек қорқып, Селенга өзені арқылы Байкал асады. Ал Темучин меркіттерді түгелдей тұтқындайды. Осы аралықта әйелін іздеген Темучиннің дауысын естіп, Бөрте жүгіріп шығады. Енді оларды ешкім ажыратса алмас.

Соғыс сәтті аяқталса да, меркіттердің зұлымдығы Темучин журегінде зіл болып қалды.

Темучин мен Жамұқа әскерлері жеңістерін тойлап жатыр. Әскербасылары өмірлік дос болудың белгісі ретінде алтын белдіктерін алмастыруды. Осы шайқастан кейін Темучин әскері көбейе бастаған. Оның қарамағына көптеген рулар мен тайпалар өз еркімен келіп қосылып жатты. Күн өткен сайын Темучиннің беделі арта түседі.

\*меркіттер – *туркi тiлдес тайпа*





## *Жек пен сатқындық*

*Ж*атар ханы Мегүжін-Сеуілті 1198 жылы Цзин императорына бағынудан бас тартқан. Сондықтан қытайлар татарларды жаулап алмақшы. Темучиннің де оларды жек көретінін білген “Аспан аясы” мемлекетінің әміршісі монғолдардан көмек сұрайды.

Қытайлар қателеспеді. Монғолдар ұсынысты қабылдады. Тіпті, Темучин керей ханы Тоғырылды да бірге соғысуға көндіреді. Біріккен одақтастар өзен бойын жағалай татарларға қарай аттанады. Қөп ұзамай шайқаста Мегүжін-Сеуілті өліп, тауды паналай қашқандар талқандалады. “Аспан аясы” мемлекетінің әміршісі Темучин мен Тоғырылға алғысын білдіріп, сый-сыяпат жасайды. Жамұқаға “ван”, яғни “хан”, Темучинге “чсаутхури” (атойшы) деген атақ береді.

Сол жылы Темучин, Жамұқа, Тоғырыл хан үшеуі бірігіп енді найман<sup>\*</sup> ханы Бүйрекқа қарсы аттанады. Наймандардың негізгі күші Ұлаңғыр өзенінің бойында күйреді. Қашып ұлгергендері қайтып бара жатқан жасақтардың жолын бөгеп, қантөгіс ұрыс кешке дейін созылды. Қараңғы түсіп, соғыс уақытша тоқтатылды. Екі жақтың да жауынгерлері өбден қалжырады.

Таңертең Темучинге одақтастарының ұрыс даласын тастап, сарбаздарымен кетіп қалғаны туралы хабар жетеді. Жалғыз өзі тағдырына қарсы тұруды жөн көрмей, ол соғысты жалғастырудан бас тартады. Жасақтарын жиһап, еліне аттанады. Бір қызығы, наймандар Темучинді

\* наймандар – қазақ халқын құраган тайпалардың бірі

емес, Тоғырыл хан өскерін қудалаған. Олардың тас-талқанын шығарып, керей ханының баласы Санғұмды отбасымен бірге тұтқынға алыпты. Бақытсыздыққа ұшыраған Тоғырыл Темучинге хабаршы жібереді. Хатында: “Балам Темучин! Қолғабыс ет. Жақсылығыңды өле-өлгенше ұмытпаймын!” – делінген.

Кешікпей Темучин көмекке келеді. Наймандарды талқандап, тұтқындарды босатады. Ризашылығын білдірмек болған Тоғырыл: “Көз жұмсам, халқым саған аманат”, – деген екен. Ханның бұл тәтті сезіне сенбеген Темучин сынамақ болып, ұлken ұлы Жошыға қызын айттырады. Керайлар келісім бермейді. Темучиннің күдігі ақталып енді Тоғырылға ешқашан сенбеуге бел буады.

1201 жыл. Жамұқа қол қусырып отырмады. Қөптеген белгілі билеушілердің көмегіне сүйеніп, өзін “гурхан”, яғни “патшалардың патшасымын” деп жариялады. Оның бұл қылышы Темучинге де, Тоғырылға да ұнамады. Бірігіп соғыс ашпақшы болған олар Қерулен өзені бойымен төмен қарай бет алады. Осы шайқаста Жамұқа жасақтарының кейін шегінуіне тұра келеді. Басқа амал жоқ. Тайшуыттардан көмек сұрау керек.

Қосымша күш те келіп жетті. Ашық соғысдан қорыққан Жамұқа ыңғайлы сәтті тосты.

Күткен мезетте келді. Темучин ұлысы қоныс аудармақ. Ал Жамұқа басқарған қол мен тайшуыттар олардың жолын торуылдап жатыр. Негізгі мақсаттары – тұтқылдан шабуылдан, соққы беру. Темучин адамдарынан екі еседей көп жау өскерін байқаған күзетшілер дер кезінде хабарлап, көш ұрысқа даярланып ұлгереді. Оң жакта – ит тұмсығы батпайтын қалың орман. Оны қаруланған

Әйелдер мен балалар қорғайды. Сол жақ қапталда көш арбалары мен күркелері тізіліп тұр. Алдыңғы шепте жақсы қаруланған әскерлер орналасқан.

Тайшұыттар оңайшылықпен бекіністі бұзып, көшті жеңе алмастарын білсе де шабуылды бастап кетеді.

Бұл қиян-кескі соғыс болды. Алдымен ұрысқа шыққан садақшылар оқты жаңбырша жаудырды. Қелесі кезекте найзалы атты әскерлер тұр. Темучин сарбаздары оларға да төтеп берді. Біраздан соң шабуылға өздері шықты. Қолға ілінген күрек, тырма, арқан бәрі де қолданылды... Найза, қылыштың дауысы, айқай-шу құлақ тұндырады. Темучин де ұрысқа кіріскең. Зор даусымен айқай сала, жауларын онды-солды қырып жатыр. Қайсарлығынан рухтанған жауынгерлерінің еңсесі көтерілді. Қантөгіс қараңғы түскенше созылды. Кенет зу етіп ұшқан жебенің дауысы естіледі. Осы сәтте Темучин бұғанасына бір заттың қадалғанын сезді. Тамағынан қою қара қан бұрқ ете қалып, тұншыға бастады. Көз алды қарауытып, атынан құлап тұсті. Дүние дөңгеленіп сала берді...

Осыны байқап қалған үзенгілес серігі Желме оны ұрыс даласынан алғып шығады. Найза Темучиннің бұғанасынан сәл жоғары қадалып тұр. Өзі ес-түссіз жатыр. Тынысы тарылып, әрең дем алады. Желме сауытын шешіп, қанға малынған жейдесін қақ айырды. Асқан бір ептілікпен жебені суырып алғып, қан тамырын қысып, таңып тастайды. Енді Темучинді қауіпсіз жерге жеткізу керек.

Келесі күні жаудың алды-артына қарамай қашқаны белгілі болды. Оларға ілесе алмаған жарагылары қолға түскен. Тұтқындардың арасында бір кездері өзін өлімнен аман алғып қалған Сорған-Шыра да бар екен. Жақсылығын



ұмытпаған Темучин оған еркіндік береді. Біраздан соң Темучинді атқан тайшуыттардың мерген жігіті де табылды. Аяқ-қолы байланған ол жаралы өскербасының алдында тұр. Бұл кезде аздал айыға бастаған Темучин жігітке ұзақ уақыт тесірейе қарады. Жігіт міз бақпады. Екеуінде де үн жоқ.

– Қазір сені жазалайды. Соңғы тілегінді айт, – дейді Темучин үнсіздікті бұзып.

– Жалғыз өкінішім – дәл көздей алмағаным, – деп жауап береді мерген сөл ойланған соң. – Егер Тәңірім маған тағы бір мүмкіндік берсе...

Жігіттің батылдығы мен қайсарлығына разы болған Темучин:

– Мениң көңілімнен шықтың, сондықтан саған өмірінді сақтап қалудың сөті түсіп тұр, – дейді Темучин оның сөзін бөліп. – Іштей тынған жау жаман. Бойындағы ашуың сол жебемен кетсін. Маған дос бол! – деп сөзін жалғастырады.

Тайшуыт жігіті әңгіменің ақыры бұлай болады деп ойламаса керек. Біраз үн демей тұрады. Түрінен ойы сансаққа жүгіргенін аңғару қыын емес. Жиналғандар да одан көз алмады. Темучин күзетшінің біріне тұтқынның қолын босатып, орнынан тұрғызууды ымдайды. Мерген жігіт үйып қалған қолдарын уқалап Темучиннің алдына келеді де, бір тізерлеп тұрып бас иеді.

– Атың кім, досым? – деп сұрайды Темучин.

– Мениң атым – Жебе.

Осы ұрыста тайшуыттар алты мың өскерінен айырылған. Тұтқынға түскен қолбасшылардың өзі сексенге жуық.